





1-сынып

1. Алан әріптерді торкөз дәптерге жазып отыр (әрдайым бірдей ретпен). Сұрақ белгісі тұрған торкөзге ол қай әріпті жазады?



2. Суретте қалың сызықпен салынған неше квадрат бар?



3. Суреттегі әріптер цифрларды білдіреді (бірдей әріптермен бірдей цифрларды белгілейді). Қандай сан О әрпімен белгіленген?

$$\begin{aligned}F + E &= 5 \\E + E &= 6 \\M + E &= 7 \\F + M &= 0\end{aligned}$$

4. Бүгін Амина өзінің жасы мен ағасының жасын қосқанда, онда 14 шықты. Бес жылдан кейін олардың жасының қосындысы қанша болады?
5. Анасы әуе шарларын сатып алып, оларды Дамир мен Амирге теңдей бөліп берді. Амирге әрқайсысы екеуден үш түсті шар болды. Анасы барлығы қанша шар сатып алды?
6. Үлкен жәшікте үш кішкентай жәшік жатыр, ал бұлардың әрқайсысында үш жәшіктен жатыр. Барлығы қанша жәшік бар?
7. Тығылмақ ойынын 12 бала ойнап жүр, оның біреуі іздеуші. Іздеуші 7 баланы тапты. Ол әлі қанша баланы табу керек?
8. Кондитер пісірген 7 тортқа банан қосты және 5 тортқа шоколад қосты. Ол барлығы 10 торт пісірді. Қанша тортқа шоколад пен банан қосылған?
9. Суретте 3×3 кестесінде төрт квадрат сандармен толтырылған. Әр жолдың, әр бағанның және әр диагональдың қосындысы бірдей болатындай етіп қалған квадраттарды да толтыру керек. F әрпі тұрған квадратта қандай сан тұр?

		7
F		1
	3	10

10. Тотықұс дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі және жексенбі күндері өтірік айтады, ал қалған күндері шындықты айтады. Ол бейсенбіден басқа қай күні «Мен кеше өтірік айттым» деп сөйлейді? (дүйсенбі деп ойласаңыз жауапқа «1», сейсенбі - «2», сәрсенбі - «3», сейсенбі - «4», жұма - «5», сенбі - «6», жексенбі - «7» деп жазыңыз)

**2-сынып**

1. Периметрлері 16 см болатын үш квадраттан тіктөртбұрыш құрастырылды. Тіктөртбұрыштың периметрі қанша?
2. Атасы мен әжесі бақшада таңқурай бұталарын суарып жүр. Алдымен әжесі 23 бұтаны суарды, сосын атасы 17 бұтаны суарды. Сонда 7 бұта екі рет суарылыпты, ал 11 бұта суарылмай қалыпты. Бақшада барлығы қанша таңқурай бұтасы бар?
3. Суретте 3×3 кестесінде төрт квадрат сандармен толтырылған. Әр жолдың, әр бағанның және әр диагональдың қосындысы бірдей болатындай етіп қалған квадраттарды да толтыру керек. F әрпі тұрған квадратта қандай сан тұр?


		7
F		1
	3	10

4. Тығылмақ ойынын 14 бала ойнап жүр, оның біреуі іздеуші. Іздеуші 8 баланы тапты. Ол әлі қанша баланы табу керек?
5. Екі санның қосындысы 123-ке тең. Бірінші қосылғышты екі есе арттырғанда, қосынды 134-ке тең болды. Егер бірінші қосылғышты емес, екінші қосылғышты екі есе арттырса, қосынды қаншаға тең болар еді?
6. Қазіргі 2021 жыл 0, 1, 2 және 2 төрт цифрмен жазылады. Осы төрт цифрмен тағы да әртүрлі қанша жыл жазылады?
7. Тотықұс дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі және жексенбі күндері өтірік айтады, ал қалған күндері шындықты айтады. Ол сенбіден басқа қай күні «Мен ертең өтірік айтамын» деп сөйлейді? (дүйсенбі деп ойласаңыз жауапқа «1», сейсенбі - «2», сәрсенбі - «3», сейсенбі - «4», жұма - «5», сенбі - «6», жексенбі - «7» деп жазыңыз)
8. Сыныптағы 28 бала 14 екіорындық партаға отырды. 14 ұл ұлмен қатар отырды, ал 4 қыз қызбен отырды. Сыныпта қанша ұл бар?
9. Алинада 5 теңгедік бір монета, 10 теңгелік бір монета, 20 теңгелік бір монета және 50 теңгелік бір монета бар. Ол қайтарым жасамайтындай әртүрлі қанша сома төлей алады?
10. Нұрлан әңгімелер жинағын оқып жүр. Бір әңгіме толық екі беттен тұрады, ал бет нөмірлерінің қосындысы 175-ке тең. Бұл әңгімелер нешінші беттен басталады?




3 сынып

1. Фигураға ең аз дегенде неше кубик қосса, ол кубқа айналады?



2. Мынадай тұжырым берілген: «Бұл санда екілік немесе төрттік жок». Осы тұжырым орындалмайтындай ең үлкен ұштанбалы санды жаз.
3. Отыз оқушы қатарда тұр. Олар 1, 2, 3, ... деп санауды сол жақтан бастады, Дастан 13-ті айтты. Егер санауды оң жақтан бастаса, Дастан қандай нөмірді айтады?
4. Футбол матчының бірінші таймында Барселона мен Реал Мадрид командалары 4 гол салды, сонда тайм соңында Реал Мадрид алда болды. Екінші таймда Барселона 3 гол соғып, матчта жеңіп шықты. Барселона барлығы қанша гол соқты?
5. Тіктөртбұрыштың ішінен тіктөртбұрышты тесік жасалды. Пайда болған рамканың ені 1 см. Тесіктің периметрі 45 см. Тіктөртбұрыштың периметрі қаншаға тең?
6. Суретте бес әртүсті диск берілген. Сары диск жасыл дисктің үстінде, бірақ қалған дисктердің астында орналасқан. Күлгін диск көк дисктің үстінде, бірақ қызылдың астында орналасқан. Z тұрған диск қай түсті?




7. Сыныптағы 28 бала 14 екіорындық партаға отырды. 14 ұл ұлмен қатар отырды, ал 4 қыз қызбен отырды. Сыныпта қанша ұл бар?
8. Үстелде қабырғасы 5 см болатын екі квадрат салфетка жатыр. Олар 36 см^2 ауданды жауып тұр. Оларды қайта жапқандағы аудан неге тең?
9. Арсенде 2, 0, 2, 1 цифрлары жазылған төрт карточка бар. Осы карточкаларды қолданып әртүрлі қанша сан жазуға болады?
10. 8 әртүрлі натурал санның кез келген төртеуінің көбейтіндісі жұп, ал барлық сегіз санның қосындысы тақ болсын. Ең аз болғанда осындай 8 санның қосындысы неше бола алады?




4 сынып

1. Жазылуында бірдей цифрлар болмайтын, төрт цифры 6-дан артық емес, бес цифры 3-тен кем емес болатын ең үлкен жетітаңбалы натурал санды жазыңдар.
2. Алан әңгімелер жинағын оқып жүр. Бір әңгіме толық екі беттен тұрады, ал бет нөмірлерінің қосындысы 235-ке тең. Бұл әңгімелер нешінші беттен басталады?
3. Рыцарлар мен өтірікшілер аралында кешкілік бірнешеуі дөңгелек үстел басында жиналды. Олардың әрқайсысы «Менің көршілерім – өтірікші мен рыцарь» деді. Егер 9 адам жиналған болса және олардың бәрі бірдей өтірікші емес болса, үстел басында қанша рыцарь отыр?
4. Сыныптағы 26 бала 13 екіорынды партаға отырды. 14 ұл ұлмен қатар отырды, ал 4 қыз қызбен отырды. Сыныпта қанша ұл бар?
5. Тіктөртбұрыш берілген. Оның қарама-қарсы екі қабырғасын созғанда, тіктөртбұрыштың ауданы 2 есе, ал оның периметрі 44 см-ден 56 см-ге артты. Бастапқы тіктөртбұрыштың өлшемдерін табыңдар.
6. Суретте бес әртүсті диск берілген. Сары диск жасыл дисктің үстінде, бірақ қалған дисктердің астында орналасқан. Күлгін диск көк дисктің үстінде, бірақ қызылдың астында орналасқан. Z тұрған диск қай түсті?




7. Бақтағы лимон ағаштары апельсин ағаштарына қарағанда 5 есе көп. 12 лимон ағашын кесіп тастап, 8 апельсин ағашын отырғызған соң, ағаштардың екі түрінің де саны бірдей болды. Бақта бастапқыда қанша ағаш болды?
8. 8 әртүрлі оң бүтін санның кез келген төртеуінің көбейтіндісі жұп, ал барлық сегіз санның қосындысы тақ болсын. Ең аз болғанда осындай 8 санның қосындысы неше бола алады?
9. $A \times B \times C = 30$, $B \times C \times D = 90$ және $C \times D \times E = 180$ екені белгілі, $A \times C \times E$ мәні неге тең?
10. Қандай да бір қаладағы аудан көшелерінің жол картасы 3×3 квадрат түрінде көрінеді. Әр кішкентай квадраттың қабырғасы 150 метрге тең. Аула сыпырушы тазалауды A нүктесінен бастап және әр көшені сыпырып, соңында A нүктесіне қайтып келеді. Ол өз жұмысын толық орындады және ең қысқа жолды жүріп өтті. Аула сыпырушы қанша метр жол жүрді?





5 сынып

1. abc үштанбалы саны қызық сан деп аталады, егер $a \times b \times c$ саны да үштанбалы болса. Ең кіші abc қызық санын табындар.
2. Тіктөртбұрышты бет екі қиылысатын сызықтармен 4 тіктөртбұрышқа бөлінген. Екі қарама-қарсы бөліктердің аудандары 42 см^2 және 45 см^2 (суретте көрсетілген). Үшінші бөлік ауданы 63 см^2 . Төртінші бөліктің ауданы неге тең?



3. Төрт бала бар. Егер біз олардың үшеуінің жалпы жасын есептесек, онда ол сәйкесінше 22, 20, 17 және 25 жас болады. Осы төрт баланың ең үлкені мен ең кішісінің жастарының айырмасы қанша?
4. Мынадай тұжырым берілген: «Бұл санда екілік немесе үштік жоқ». «Бұл санда жетілік немесе төрттік жоқ». Осы екі тұжырым да орындалмайтындай ең үлкен үштанбалы санды жазындар.
5. Сыныптағы 26 бала 13 екiорынды партаға отырды. 14 ұл ұлмен қатар отырды, ал 4 қыз қызбен отырды. Сыныпта қанша ұл бар?
6. 5 «А» сыныбында әрқайсысы шахмат немесе математикаға барады: оқушылардың үштен екісі математика үйірмесіне барады, оқушылардың жартысы шахмат секциясына барады. Төртеуі үйірмеге де, секцияға да барады. 5 «А» сыныбында қанша оқушы бар?
7. Рыцарлар мен өтірікшілер аралында кешкілік бірнешеуі дөңгелек үстел басында жиналды. Олардың әрқайсысы «Менің көршілерім – өтірікші мен рыцарь» деді. Егер 15 адам жиналған болса және олардың бәрі бірдей өтірікші емес болса, үстел басында қанша рыцарь отыр?
8. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10 сандарының ішінен орта мәні 5-ке тең болатындай әртүрлі үш санды таңдаңдар. Әртүрлі мүмкін комбинациялар саны нешеу?
9. 10 әртүрлі оң бүтін санның кез келген бесеуінің көбейтіндісі жұп, ал барлық он санның қосындысы тақ болсын. Ең аз болғанда осындай 10 санның қосындысы неше бола алады?
10. Суретте 3×3 кестесінде үш квадрат сандармен толтырылған. Әр жолдың, әр бағанның және әр диагональдың қосындысы бірдей болатындай етіп қалған квадраттарды да толтыру керек. F әрпі тұрған квадратта қандай сан тұр?

F		7
	3	10